

Оңтүстік Қазақстан облысы
Сарыағаш ауданы
ЖШС «Дин-Асыл» бөбекжай балабақшасы

ХАТТАМА

29.08.2023 жыл
Дербісек елді мекені

№ 01

**Балабақшадағы кезектен тыс
өндірістік кеңес жиналысы**

Төрайымы – А.Н.Оразбаева
Хатшы- К.О.Усипбекова
Қатысқандар : - 57адам
Меңгеруші – 1
Әдіскер – 1
Психолог – 1
Шаруашылық меңгерушісі – 1
Тәрбиешілер – 20
Тәрбиеші көмекшілері – 19
Ән жетекші – 1
Ағылшын тілі маманы – 1
Орыс тілі маманы – 1
Медбике-1
Дәмбике – 1
Кіші қызметкерлер - 6

КҮН ТӘРТІБІ:

1. ЖРВИ мен тұмаудың алдын алу.

1.ТЫНДАЛДЫ: балабақша медбикесі А.С.Тунгышбаева қызметкерлерді күн тәртібімен таныстырып, тұмау және ЖРВИ белгілері мен алдын алу: баланы вирустан қалай сақтауға болатыны туралы кеңес берді.

СӨЙЛЕДІ: медбике: Құдайбергенова Гулнұр Бегалиевна :

Тұмау және басқа да ЖРВИ жоғарғы тыныс жолдары, жүйке жүйесі, құлақ және жоғарғы тыныс органдарының зақымдануымен қауіпті. Асқынулар 3 жасқа дейінгі

балалар арасында жиі кездеседі, себебі олардың иммунитеті әлі де жетілмеген және жүйке жүйесі толық қалыптаспаған. Тұмау және басқа ЖРВИ сырқаттану балалар арасында ересек адамдарға қарағанда жыл сайын 4-5 есе жоғары болады. Соның ішінде 5 жасқа дейінгі балалар арасында тұмау және ЖРВИ ауыр ағымда өтіп, асқынулар туындауы мүмкін. Респираторлы ауруларға шалдығу мүмкіндігі мектепке дейінгі балалар мекемесіне және мектепке баратын балалар арасында жоғары, себебі үлкен

ұжымдарда инфекция тез таралады.

Тұмау – жоғары тыныс алу жолдары зақымдалу және уыттану белгілерімен

сипатталатын жұқпалы инфекциялық ауру. Ауру адамнан сау адамға жөтелген,

түшкірген кезде ауа тамшысы арқылы беріледі.

Тұмаудың белгілері мыналар - тамақ ауруы, дене қызуының көтерілуі, бас ауруы, сонымен қатар, бұлшық еттің ауруы, осыдан барып адам

еңбекке уақытша жарамсыз болып қалады. А,В,С грипп вирусымен түр- түріне

бөлінеді. Тұмау ауруы 5-10күнге дейін созылып қайта өрбіп асқынып

кетуі мүмкін. Асқынған ауру бактериалды инфекциялармен қозып (отит,гайморит) ауруларына айналады.

СӨЙЛЕДІ: меңгеруші:А.Н. Оразбаева:

- Тұмауға қарсы витаминдік профилактика балалар мен ересек адамдардың

респираторлық вирустарды жұқтыруына тосқауыл болады. Респираторлық вирустарға қарсы тұруға жеке бас тазалығын сақтау және белсенді салауатты өмір салты көмектеседі, соның ішінде:

- Жоғарғы тыныс жолдарының кілегей қабаты және тері жамылғысының

тазалығы (тамақты шаю, мұрын қуысын шаю, қолды жиі сабындап жуу және тұрақты шомылу шаралары);

- Үйдің тазалығын сақтау – қоршаған орта әсерінен тұмау вирусы тез жойылады (тұрақты түрде бөлмелерді желдету және ылғалды тазарту, бөлме температурасын 20-24С және ылғалдылықты 30-35% аралығында ұстау);

- Көкөніс пен жеміс-жидектен тұратын толыққанды байытылған тамақ көздерін пайдалану; Сондықтан да жоғарыда айтылған шаралардың орындалуын қатаң қадағалауды талап етемін.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

І.І. Балабақшада ЖРВИ мен тұмаудың алдын алу шаралары қатаң қадағалансын.

Төрайым:  А.Н. Оразбаева.

Хатшы: К.О. Усипбекқызова.